

TILSHUNOSLIK TARAQQIYOTIDA AN'ANAVIYLIK VA TIL O'QITISH METODIKASI

РУХАНИ КЕҢІСТІК ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНЕГІ КІСІ ЕСІМДЕРІНІҢ ШЫҒУ УӘЖДЕРІ

Бекжан ӘБДУӘЛИҰЛЫ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы.
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

***Annotation.** Humanity gives a name to any object and phenomenon that it recognizes, including a baby who was born, with a certain word. And the name of a person and an object, a phenomenon, a concept has its own characteristics. Analyzing these features, the article also defines the nominative principles, signs and features common to the motives of the origin of nouns. Events related to the motives for the origin of people's names are often found in oral literature. For example, in fairy tales or heroic songs, special attention is paid to the name of the main characters. Their names will be known before they are born, and they will represent names that will be revelations from the unknown, the master of holy power or spirits. Also, depending on the specific characteristics of a person, certain events, names are put. All of them are fundamental motives for creating new names. Some of its elements have survived to this day. In the article, relying on the materials of oral literature, the emphasis is placed on the relationship between the motives of the origin of Kazakh names and naming traditions.*

***Аннотация.** Человечество дает имя любому предмету и явлению, которое оно признает, в том числе младенцу, который родился, определенным словом. А присвоение имени человеку и предмету, явлению, понятию имеет свои особенности. Анализируя эти особенности, в статье также определяются номинационные принципы, признаки и особенности, общие для мотивов происхождения имен существительных. События, связанные с мотивами происхождения имен людей, часто встречаются в устной литературе. Например, в сказках или героических песнях особое внимание уделяется названию главных героев. Их имена будут известны до их рождения, и они будут представлять имена, которые будут откровениями от неведомого, повелителя святой силы или духов. Так же, в зависимости от конкретных особенностей человека, определенных событий, ставятся имена. Все они являются основополагающими мотивами для создания новых имен. Некоторые ее элементы сохранились и сегодня. В статье, опираясь на*

материалы устной литературы, делается акцент на взаимосвязи мотивов происхождения казахских имен и традиций именованя.

Ауыз әдебиеті халықтың материалдық өмірінен алынып, қиялында қайта өңделіп дайындалған рухани азық қоймасына ұқсайды. Бұл жерде кісі аттарына да үлкен орын берілген. Есімдердің жасалуы мен қойылуы, оған қатысты дәстүрлер, есім мен оны иеленуші адам арасындағы байланыс, кісі есімдерінің семантикалық өрісі т. б. лингвистикалық және экстралингвистикалық шарттар мен заңдылықтардың негізгі бөлігі ауыз әдебиетінің материалдарында қамтылған. Осындағы дәстүрлердің біршамасы ғылым мен техникасы дамыған, жаңа технологияларға иек артқан ХХІ ғасырда да сақталып отыр. Ауыз әдебиетіндегі кісі есімдерінің болмысын кешенді түрде қарастырғанда ең бірінші халықтың сәбиге деген ынтызар көңілі өзіне назар аударса, екінші кезекте оған қойылатын есім тұрады. Демек, дүниеге келген кішкентай адам мен оның есімінің арасындағы байланыс та халқымыздың ұғымында маңызды орынға ие. Бұл әрі тән мен рухтың бірлігін де көрсетеді. Адам тәні материалдық – өмірі шектеулі, ал есімі рух әлемімен сабақтас – мәңгілік. Қазақ баласы қашан да есімінің өлмегенін қалаған, есімі арқылы мәңгілікке қол созған, сондықтан оған кір келтірмеуге тырысқан. Келесі бір ескерілуі тиіс жайт: батырлар жырларында басты кейіпкерлер ана құрсағына бітпей жатып, есімдері белгілі болады, мұнда да мәңгілікпен байланысты сыр бар. Кісі аттарының шығу уәждері туралы айтқанда, «қазақ есімі» дейтін ұлы кеңістіктің бір компоненті болып табылатын осы секілді экстралингвистикалық факторлар да басты назарда тұрады.

Кісі аттарының мәңгілігі оның қызметімен тікелей байланысты. Қызмет аясында адамдарды жекелеп атаумен қатар, олардың болмысы мен олар туралы көзқарастарды білдіру мүмкіндігі қамтылады. Мысалы, Алпамыс, Қобланды, Қамбар т. б. есімдердің мағынасы ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлер туралы ақпараттар мен қалыптасқан көзқарастарды көбірек білдіреді. Балаға ат қойғанда этимологиялық мағынасынан гөрі, осы батырлардың көркем образдары басшылыққа алынады. Кісі есімінің бейнесомдағыш қызметі мынадан да көрінеді: адамның бойына біткен асыл қасиеттері оның есімінің көпшілік арасында танымал болуына, сөйтіп жарқын бейнесінің қалыптасуына ықпал етеді. Осылайша адам мен есімнің бірлігі туындайды да, көпшіліктің есінде солай сақталады. Ауыз әдебиетіндегі кісі аттарына қатысты көзқарастар мен қағидаттардың үлгілері бүгінгі қоғамда да өзінің бастапқы негіздерін жоғалтпай, сақтап келеді. Осыдан келіп, ауыз әдебиетіндегі кісі есімдерінің шығу уәждері және оның бүгінде қайталанып отырған үлгілерін салыстыру қажеттілігі туындайды.

Kісі есімдері – адамдарды өзгелерден айырып, даралаушы тілдік құрал; киетін киім, ішетін ас тағы басқа қажеттіліктер секілді дүниеге жаңа келген сәбиге берілетін сыйлықтардың бірі. Есім иелену арқылы сәби жеке тұлға әрі халық жасап жатқан ортақ қоғамның мүшесі ретінде тіркеледі, адамдар қатарынан өз орнын алады. Сәбидің өмірге келуі жақындары үшін үлкен қуаныш және оған есім беруге де негізінен біршама дайындықтардың болатын белгілі. Туған туыс, айналасындағы көңіл жетер адамдар түрлі есімдерді ұсынады, барынша жаңа, өзгеге ұқсамайтын нұсқасын табуға тырысады. Бұл тұрғыдан қарағанда ат қоюды өнермен, ой ізденістерімен салыстыруға болады. Белгілі бір тілде ғасырлар бойы қалыптасқан есімдер қоры сол тілде сөйлейтін, сол тілді жасаушы халықтың ат қою шығармашылығының жемісі. Бұл, әрине, халықтың ұлттық танымымен сабақтасып жататын құндылық. Балаға ат қойғанда немесе жаңа есім ойлап табу ізденісінде халық өзінің тұрмысы, эконотмикасы, түрлі елдермен қатынасы және рухани әлемінің аясында әрекет етеді.

Тілдегі әрбір зат пен құбылыстың өзіне телінген атауы болатыны секілді, әрбір адамның туылғанда берілген есімі бар. Оның көнеден қалыптасып, дайын күйінде қолданысқа түсуі де, жаңадан пайда болуы да мүмкін. Қай жағынан алғанда да негізінен бұл рәсім ұлтқа тән ат қою дәстүрінің аясында жүзеге асып жатады. Бұл орайда кісі аты және оның ішкі идеясы, яғни олардың шығуындағы себепші жайттар тұрады. Бұл номинация, мотивация ұғымдарының төңірегінде қарастырылады. Антропонимика тіл білімінің бір саласы, сондықтан оның негізгі заңдылықтары ортақ. Мысалы, қоғамдағы түрлі жаңалықтармен бірге жаңаша толығыуы немесе көнеруінде сөздік құрамның табиғатына ұқсас жайттар болғанымен, этнос болмысына тән рухани дүниенің ат қоюдағы орны, оның мазмұнға әсері жеке алып қарастыруды талап етеді. Тілдегі сөздердің шығуы мен мағынаға ие болуының өзіндік сырлары бар, соның ішінде жалпы есімдер мен жалқы есімдердің өзара айырмашылықтары ашып қарастыруды талап етеді.

Бұл жөніндегі зерттеулерде мынандай түсіндірмелер мен сипаттаулар беріледі. К. Аханов "Бізді қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстар адам санасына, оның ойлауына сәулесін түсіріп бейнелейді. Олар туралы ұғым пайда болады. Ұғым — заттың немесе құбылыстың жай ғана бейнесі емес, олардың басты белгілерінің ойда қорытылып, топшыланған (жалпыланған) бейнесі. Ұғым тілде сөз арқылы беріледі... " десе [1, 88 б.], Шойбеков Р. Н. Қандай да бір затқа, құбылысқа ат қойғанда адамдар оны кез келген сөзбен атай салмайды. Әрбір заттың, құбылыстың көптеген ішкі-сыртқы белгілері, ерекшеліктері, қасиеттері болады. Ол белгілер адам санасында бейнеленеді. Зат пен құбылысқа ат қоярда сол белгілердің адам санасында бейнеленген,

орныққан ерекше біреуі ғана таңдап алынады" — деген тұжырым жасайды [2,113 б.].

Ал А. Ысқақов "Сөздің дыбыстық жағы белгілі бір ұғымның сыртқы материалдық жамылышы (формасы) болса, сол арқылы біздің санамызда белгілі бір ұғым байыпталып отырады [3,7 б.] дейді. Көріп отырғанымыз — мағыналас пікірлер. Демек, зат пен құбылыс жайлы санада қалыптасқан ұғымның тілден көрініс табуы турасында ортақ пікір түйге болады. Бұл табиғи заңдылықты тіл білімінде номинация теориясы түсіндіреді. Ал номинация дегеніміз — тілден тыс фактілердің, яғни адам санасында бейнеленген объективті шындық болмыстың тіл құрамында атауыштық қасиетке ие болуы.

Әр тілдің өзіне тән номинативтік жүйесі бар. «Әрбір тілде атауға (наименование) белгіленетін заттың немесе құбылыстың, әдетте, әр түрлі белгісі негіз болады да, осыған орай зат әр түрлі тілдерде әр басқа сөздермен аталады" [1] 'яғни, әрбір тіл атаулар тудыратын белгілі бір номинативтік тәсілдер мен құралдарға ие. Осы себепті номинацияның басты мәселесі өмір шындығын атау ретінде бейнелейтін құралдар мен тәсілдерді зерттеу болып табылады. Ғылыми тұжырымдардан байқайтынымыз жалпы есім сөздер мен оның аталу жайттарына байланысты мәселелер. Ал жалқы есімдерде, соның ішінде сөз болғалы отырған кісі есімдерінің шығу уәждерінде бұл сәл басқаша сипатта өрбиді.

Кісі есімдерінің арнайы материалдары жоқ, сондықтан ол жалпы есімдерден, яғни апелятивтерден жасалады, демек екіншілік мағынада қолданысқа түседі. Мысалы, кез-келген сәбиге ат қоярда баланың болашағына деген көзқарас пен тілек бірінші орынға шығады. Осыдан кейін ойға оралған көзқарас пен тілекті жеткізу үшін сәйкес сөз таңдалады. Тілімізде тұрақталған есімдердің барлығы осындай уәжбен туып, қалыптасқан. Мұратына жетсін деп Мұрат, аман болсын деп Амандық, Тұрар, Тоқтар т. б. секілді есімдер қойылған. Жалпы есім сөздердің шығу уәждерін былайша сипаттауға болады: пайда болған жаңа заттар мен ұғымдарға ат қою кезінде зат пен атау арасындағы байланысқа назар аударылса, ат қойғанда есім мен баланың өзара байланысы міндетті шарт болып саналмайды, осыдан келіп кісі есімдерінің мағынасын түсініп қолдану шарты екінші орынға ығысып қалады. Балаға ат қойғанда арман-тілек, көркем бейнелі мағыналар бірінші орынға шығады. Қойылған есім кей жағдайларда болмаса, сәбидің түрі мен түсін сипаттаудан гөрі болашағына көбірек назар аударады. Сонымен, жалпы есім мағынасындағы мұрат – адамның алдына қойған мақсаты болса, адамға есім ретінде қолданғанда «сәби мұратына жетсін» деген тілек ойда тұрады, сонымен қатар ол адамды атаушы, өзгелерден даралаушы құрал қызметінде жұмсалады.

Ат қою дәстүрінің ертеден келе жатқан үлгілері бүгін де сақталып отыр. Көпшілігі ауыз әдебиеті материалдарында кездеседі. Қазақ есімдерінің шығу уәждері дегенде ауыз әдебиеті арқылы жеткен есімдерге арнайы назар аударуымыз керек. Өйткені халықтың шаруашылығы, тұрмысы, мәдениеті, арман-тілегі, барша мұраты мен дәстүрі т. б. ауыз әдебиетінде сақталған. Ауыз әдебиеті халық өмірінің айнасы іспетті. Тіліміздегі кісі есімдерінің шығу уәждерін халықтық танымның аясында қарастырғанда, кейбір мынандай жайттарға тап боламыз. Мысалы, қазіргі кезде баса көңіл бөлінбегенмен, болып жататын кейбір оқиғаларды ат қоюда басшылыққа алу әлі де бар, бұл халық санасында сақталып қалған сол көне дәстүрдің элементтері екені шындық. Мысалы, әкесі немесе баласы т. б. алыс сапарға кеткенде туған ұл, қыз атының Орал т. б. деп қойылуы осыны аңғартады. Мұндай оқиғалар ат қоюда жиі кездесіп тұрады. Қоғамда болып жататын оқиғалардың кісі есімдерінің құрамынан орын алуында да тарихи санада сақталған уәждеуші белгілердің жатқаны сөзсіз. Қазір қазақ есімдері дамудың жаңа бір сатысына көтерілген кез, осыған байланысты ат қоюда да жаңаша ұстанымдардың пайда болғаны шындық, алайда көне белгілер де қатар өмір сүріп келеді. Мысалы, Қазақстанда болған Азияда ойындарының кезінде туған балаға Азияда, Астанадағы ЕҚЫҰ саммиті өтіп жатқан күндерде туған сәбилерге Самитта, Самитхан секілді есімдердің қойылуы ат қою дәстүріндегі кейбір элементтердің бүгінгі замандағы көрінісі болып табылады.

Белгілі бір оқиғаларға қатысты ат қою дәстүрінің өткен тарихын ертегілер оқиғасынан да көруге болады. Мысалы, «Ертөстік» ертегісінде азығы таусылған шал мен кемпір қиындыққа тап болады. «Бір күні кешке жақын кемпірі төсегінен тұрып, үйінің түндігін ашады. Тұруға мұршасы келмей жатқан шал шаңыраққа қараса, шаңырақтың күлдіреуішінде керулі тұрған кер биенің төстігі көзіне түседі. Ерназар қуанып, есі шығады.

- Кемпір, сүйінші! Кер биенің керулі тұрған төстігі майлы көрінеді, бол, жылдам асып жіберші, - дейді. Сөйтіп, бұлар төстікті қазанға салады. Төстікті асып жеп, шал мен кемпір әлденеді. Ұзамай кемпір жүкті болады. Мезгілі толып босанады. Бір ұл туады, оның атын төстік жеген соң біткен бала деп Төстік қояды» [6, 3 б.]. Бұл орайда есім сәбидің өмірге келу себебімен байланыстырылып отыр, яғни «Төстік жеген соң туған ұл» деген мағына береді. Тағы бір ескеретін жайт адам мен оқиға арасындағы байланыс есімнің уәждеуші элементі ретінде көрінеді, ал адам мен есім арасында тікелей байланыс жоқ.

«Қосбармақ», «Қырыққұлақ» ертегілеріндегі есімдер мен кейіпкерлердің табиғаты арасында тікелей байланыс бар. Туған сәбидің саусақтарының ерекшелігіне байланысты Қосбармақ есімі қойылса, «Қырыққұлақ» ертегісінің

кейіпкері Құлақ жолбарыстардың құлақтарын жеген соң туған қырық құлақтың бірі, яғни ол өзінің сипатын білдіріп тұр. Ертегі мазмұнын баяндау барысында ол Құлақ деп аталады. Есімі әрі оның болмысының атауы. Құлақ адам емес, алайда ол адамша сөйлейді, баласы жоқ шал мен кемпірге бала орнына бала болуға тырысады, адамша әрекет етеді, көңілі толмаған байдың «қорадағы есік-тесіктің бәрін тас қылып бекітіп тастайды да», малын қасқыр қырып кетеді, ел етке тояды. Қырық құлақты орманға апарып тастағанда, солардың ішінен шығып, жабыққа жасырынып, жалғыз қалып қалады, сондықтан оның аты жалпы есімнен жалқы есімге, яғни құлақтың жеке есіміне айналады.

Кейіпкер болмысын сомдауға арналған кейіпкерлер есімдерінің келесі бірнешеуі мыналар: Қылмойын, Шибұт, Жарғақбас. Есімдерінің шығу уәждері өздерінің дене бітіміне байланысты "тура номинациялық тәсіл" арқылы жүзеге асып, яғни мұндағы атаулардың лексикалық мазмұны оның мотивтеуші белгілермен сәйкес келіп тұр.

Бұл аталған ертегілердің екеуінде де кейіпкерлер есімдері өздерінің болмысына сәйкес келіп тұр. Көркем образдарды сомдау мақсатында белгісіз автор тарапынан берілген бұл есімдер кейіпкерлерді сипаттаушы құрал қызметін де атқарады. Кейіпкерлердің аттары айтылғанда тыңдаушылар олардың кім екенін әрі болмыстары қандай екенін бірден біліп отырады. Ертегіде олар бір-бірін есімдерін атап шақырмайды, сондықтан бұл есімдер өзара қатынас үшін емес, ертегі тыңдаушылары үшін керек, демек есімдер кейіпкерлерді бір-бірінен айырушы құрал қызметін атқарады. Көркем бейне қашан да өзінің болмысына сай болуы шарт, бұл орайда оған көмекке кейіпкерлер есімі келеді. Мағынасы арқылы кейіпкер болмысын ашуға әрі сомдауға ықпал етеді.

«Керқұла атты Кендебай» ертегісі де ертегі кейіпкерінің атымен байланысты аталады. Атауының өзінде қазақ халқының ат қою немесе ат беру дәстүрінің үлгісі көрініс береді. Көшпелі халықтың тұрмысында жылқының рөлі үлкен, әсіресе батырдың бейнесін сомдауда оның болуы шарт. Батыр жүйрік тұлпары арқылы кеңістікті игереді, яғни қашықтықты жақындатады, көптеген қиындықтарды жеңеді, сондықтан жылқы мен қаһарман арасындағы байланыс әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан да маңызды әрі көне замандардан бар. «Керқұла» аттың түсі, түсіне байланысты атай келе ол жалқы есімге – зоонимге айналған (Компоненттерінің орны ауыстырылып жасалған Құлагер тұлғасындағы иппоним халқымызға кеңінен танымал). Ауыз әдебиетінде Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, Ер Тарғынның Тарланы, Ер Орақтың Жіңішке жирені т. б. тұлпарлар ер мен оның жақын серігі ретінде қатар аталады. Осы үлгі бойынша Кендебай да

Керкұласымен айбынды, мүмкіндігі мол. Кендебай есімі екі сөзден құралған: бірінші компонент «кенде» сөзі «кембағал, кедей» деген мағынаны білдірсе, екінші сөз «жомарт, халқына берері мол, ел иесі» деген мағына береді. Бұл есімнің мағынасын ашуға Кендебайдың өмірі мен халқы үшін атқарып жүрген ісін қолдануға болады. Ол аң аулап, Қарасудың бойындағы қара үйлі кедейлерді қарық қылып жүрген батыр бейнесінде көрінеді. Өзі кедей, өзі бай адам. «Алдаркөседегі» Шығайбай да осы мағынадағы есім. «Ўйај, ёйан» [148 с.] «ештенесі жоқ кедей» деген мағына береді. Дыбыстық тұлғаларындағы өзгешіліктер болмаса, Кендебай мен Шығайбай өзара мағыналас есімдер болып шығады. Халық ауызша шығармаларында бай болса да кедей немесе кедей болса да бай» деген философиялық ой тұжырымын есімдер арқылы да білдірген. Кейіпкер есімдерінің біршамасы осылайша образ сомдау үшін арнайы жасалады және бұл тәсіл оқиға мен басты қаһарманның арасындағы байланысты бекітуге де қолданылады.

Басты кейіпкерлердің есімі арқылы оның ғажайып, ғайыппен байланысты ерекше қасиеті де көрініс береді. Мысалы, «Ақжонас ұлы Ер Кеңес» жырында әкесінің түсіне әулие кіріп, "Ақжонос енді тілегінді бердім, ауылыңа қайт, үлкен кеңеспен шығып едің, әйелің ұл туар, атын Кеңес қой!" — деп өзі ғайып болады [4,139 б.]. Сол секілді «Алпамыс батыр» жырында Әулиеден әулие қоймай қыдырып, етегін шеңгел сыдырып, айлардан ай, жылдардан жыл өткенде Баба түкті Шашты Әзиз деген әулиеге барып түнеп, әулие аян беріп, бір ұл, бір қыз өмірге келетінін айтады. Ұлының аты Алпамыс, қызының атын Қарлығаш болатынын да айтады. Бұл секілді әулиелердің аян беруімен ат қою басқа жырлар мен ертегілерде де кездеседі. Ауыз әдебиетіндегі кісі есімдерінің шығу уәждерінде осы секілді мифологиялық түсінік сарындары да кездеседі.

Ауыз әдебиетіндегі кісі есімдерінің шығу уәждеріне қатысты бұндай жайттар мен оқиғалар халықтың ұзақ уақыттар бойы қалыптасқан көркемдік танымының жемісі. Екіншіден, сәбидің өмірге келуі үлкен қуаныш ретінде бағаланған, сондықтан ат қоюдың дәстүр болып қалыптасуы оған көрсетілген үлкен құрметтің белгісі. Ат қойған адамға сый-сыяпат беру, ат мінгізіп, шапан жабу халықтың кісі есімдеріне де баса назар аударып отырғанының көрінісі. Батырлар жырында мынандай жолдар кездеседі. Қобыланды батыр жырының бір нұсқасында "Қыдырбай неге той қылды?" — "Қобыландыдай ұл туған, Хансұлудай қыз туған" соның тойына ет жеуге барамыз — деген екен. Қобыланды деген ат осыдан қалған» [4,13 б.]. Туылып жатқан сәбилердің есімдерінің шығу уәждері арнайы назарға алынып отыр.

Ауыз әдебиеті ілгеріде атап өткеніміздей, халықтың дәстүрлі өмірінің айнасы. Бұл жерде ат қою дәстүріне және оның түрлеріне қатысты көптеген

материалдар сақталған. Оларды жинап топтастыру, болашақта жаңа заманға лайықтап, халықтың игілігіне айналдыру – аса маңызды міндет. Сондықтан, кісі есімдерінің алуан түрлі шығу уәждері жинақталған ат қою дәстүріне де тиісті талдаулар жасалуы тиіс. Кісі есімдерінің шығу уәждеріне қатысты деректер жазба мұраларда да кездеседі. Мысалы, "Оғыз намада мынандай жолдар бар:

... Маған көп алтын жұмсапсың,

Қаланы жақсы сақтапсың, " — деп айтты.

Сол үшін де оған Сақлап (деп) ат қойды [5,73 б.]. Есім беру ісінде адамның өзіне, болашағына қатысты көзқарастар мен тілек бірінші орынға шығып азан шақырылып ат қойылса, істеген ісіне қатысты лақап есімдер осылайша кездейсоқ жүзеге асып жатады. Осы келтірілген мысалдардың әрқайсысынан аталған есімдердің шығу уәждерін көруге болады. Аталған антропонимдердің барлығында негіздеуші белгілер сақталған. Қазақ есімдерінің шығу уәждерін анықтау дереккөзі ретінде ауыз әдебиеті материалдары алынды және жазба мұралардан да мысал келтірілді. Оларды салыстырып қарағанда, бүгінгі таңда да халықтың ғасырлар бойын қалыптастырған дәстүрлі мәдениетінің сақталып келе жатқанын байқауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. — Алматы: Санат, 1993. — 496 б.
2. Шойбеков Р. Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. — Алматы: «Қазақстан», 1993. 155 б.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. — Алматы: Ана тілі. 1991. — 288 б.
4. Қазақ халық әдебиеті: көп томдық. Батырлар жыры. 6 том. — Алматы: «Жазушы», 1990. — 272 бет
5. Ежелгі дәуір әдебиеті (Хрестоматия) 2т. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 280 б.
6. Қазақ ертегілері. — Алматы: «Жазушы», 2000. — 272 бет.